

Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін  
төлемдер.

ҚР табиғи ресурстардың негізгі түрлерін  
пайдалану тиімділігі.

Өскенбай Б



- Адамзаттың күн көрісі мен тіршілік етуіне қажетгі заттар және табиғатта кездесетін жаратылыс дүниелері — табиғи ресурстар деп аталады. Су, жер, өсімдік жан-жануар, тау-тас, қазба-байлық және өзге де, тікелей не өнделген күйінде тұрмысқа, өндіріске қажетті дүниеліктердің бәрі де Табиғи ресурстарға жатады Табиғи ресурстарды пайдалану нәтижесінде, адамзат — азық-түлік, киім-кешек тұрмыс қажетін өтеуге керекті заттар, жанар-жағар майлар және өнеркәсіпке қажетті шикізаттарды алады. Табиғи ресурстар, олардың қолдану саласына қарай — ендірістік, денсаулы сақтауға қажетті, ғылыми, эстетикалык деп бөлінеді. Табиғи ресурстары сарқылмайтын және сарқылатын екіге бөлінеді. Сарқылмайтын қорлар адам баласына тәуелсіз бопып келеді



Жер

Су

Ауа

Жануарлар дүниесі

# Табиғат ресурстары

Жел

Пайдалы қазбалар

Топырақ

Өсімдік

- Табиғи ресурстарға төлем төлеудің маңыздылығы мен қажеттілігінің халық-шаруашылығын әкімшілдік-әміршілдік әдіспен басқару кезінде, табиғи ресурстарды пайдалануды тегін, олардың құны жоқ, ол халықтың ортақ меншігі деп қабылдаған кездің өзінде де сезіле бастады және өмірге жолдама алды. Бірқатар жылдар барысында сұраныстың талаптарына сәйкес табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлем төлеудің белгілі бір жүйесі қалыптасты. Ресми түрде қабылданбаған және жетілдірілмеген әрі толықпаған ол, шамасы келгенше табиғатты пайдалану сферасында экономикалық қатынаста әлі де қолданылады. Бірақ табиғатты төлемді пайдалануда оны экономикалық тиімді механизм етіп айналдыру үшін әлі талай күш-жігер жұмсау қажет екендігі анық.




Төлем түрлерін, олардың атқаратын қызметіне, мақсатына қарай төмендегідей етіп сұрыптауға болады:

- Табиғат ресурстарын пайдалану құқы үшін төлем.
- Табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем.
- Табиғат ресурстарын қорғау және қалпына келтіру төлемі.
- Табиғат ресурстарын пайдалануды шектеу үшін төлем.
- Табиғи ортаны ластағаны үшін төлем.
- Табиғат қорғау заңдарын сақтамағаны үшін төлем.





A close-up photograph of a hand dropping a coin into a slot on the roof of a white toy house. The house has a gabled roof and a central doorway with two windows on either side. The background is a blurred outdoor setting.

ҚР салық кодексінің 12- бөлімі жерге салынатын салықтарды құрастырады. Барлық жерлер салық салу мақсатында ҚР жер кодексімен белгіленген олардың нысаналы мақсаттарына және жер санаттарына тиістілігіне қарай қарастырылады

- Алдымен табиғатты төлемді пайдалану түсініктерін тәртіпке келтіру қажет. Мысалы, әрбір экономикалық категорияны өз атымен атаған жөн: төлемді төлем деп атау керек және оны салықпен шатастыруға болмайды немесе минералды-шикізат ресурстарын жаңғырту мен қорғауға төлем аударуды осы күнге дейін қолданылып келген геологиялық-барлау жұмыстарына қаржы аудару деп айтуға болмайды және т.с.с.
- Әртүрлі бұрында болған және қазірде бар төлем түрлері экономикалық категория ретінде және олардың атқаратын қызметін әртүрлі ғылым өкілдері, әртүрлі категориядағы мамандар өздерінше, тар мағынада әрі біржақты емес етіп қабылдап жүр.

- Қолданылу мерзімі жағынан біршама ұзаққа созылатын және жалпы қолданылатын төлем жер салығы, төлем-салық және оны белгілеу әдістері ғасырлар бойы жетілдіріліп келді. Мысалы, патшалық Ресейде помещиктер жердің десятинасы үшін мемлекетке 1 рубль төледі, ал шаруаларға пайдалануға оны 10 рубльге берді.
- Қазақстан Республикасында төлем-салық алу Жер кодексінде, Жер салығы туралы заңда біршама жетілдірілген түрде белгіленген.
- Азаматтарға жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін берілген бау-бақшалық және саяжай салудан басқа ауылшаруашылығына арналған жерлерге қойылған жер салығының базалық ставкасы 1га-ға есептелген және балл бонитетпен өлшенетін топырақ сапасының өзгеруі бойынша сараланады. Балл бонитеттің 1-ден 100-ге дейін ауытқуы кезінде кәдімгі және оңтүстік қаратопырақты, күңгірт қызыл-қоңыр және қызыл қоңыр жазықтағы далалық және құрғақ далалық зоналардағы жерлерде, сонымен қатар тау етегінде қою сұртопырақты (сұр-қоңыр), каштанды (қоңыр) және тау бөктеріндегі қаратопырақты аумақтарға базалық ставка – 0,25 теңгеден 105 теңгеге дейін белгіленеді (I категориясы). Балл бонитеттің 100-ден жоғары





**Назарларыңызға рахмет!**